



2023 жылғы «20» 09
года

№ 398

«__»__20__

Ақтөбе қ.

г. Ақтөбе

**Облыстың білім беру ұйымдарында
(мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім)
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» енгізу
туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы
19 қыркүйектегі №294 бұйрығына сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. 2023-2024 оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру
ұйымдарында (мектепке дейінгі, жалпы орта білім беретін және техникалық-кәсіптік
білім беру ұйымдары) «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» енгізілсін.

2. Облыстық білім басқармасының қосымша білім беру және
тәрбие жұмыстары бөлімі:

2.1. ҚР Оқу –ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294
бұйрығымен бекітілген жоғары оқу орындарынан басқа білім беру
ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» (әрі қарай –
Бағдарлама) (№1 қосымша), мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-
2026 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру
ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі
бірлескен (№2 қосымша) және 2023-2024 оқу жылына арналған жоғары оқу
орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие
бағдарламасын» іске асыру жөніндегі кешенді жоспарлардың (№3 қосымша)
Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдері мен ведомстволық
бағынысты ұйымдардың басшыларының назарына жеткізуді және
Бағдарламаның облыста толыққанды жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдері мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары:

31. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын.

4. Ақтөбе қаласының және аудандық білім бөлімдерінің басшылары:

4.1. Бағдарлама мен жоспарларды меншік түріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізсін.

5. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145, сәйкесінше облыстық білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрықтарының күші жойылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н. Бертлеуоваға жүктелсін.

7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



Ж. Сұлтан